

Батыс Қазақстан облысының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 қазан N 1536

Жұмыс берушілердің жалақы мен жарналар жөніндегі берешегін өтеу мақсатында және "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңының 13 және 19-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен Батыс Қазақстан облысының әкіміне Қазақстан Республикасының резервінен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың қызметшілерге жалақы мен жұмыс берушілердің жарналары бойынша берешектерін өтеуге 1999 жылдың 1 желтоқсанына дейін өтеу мерзімімен 201 000 000 (екі жүз бір миллион) теңге сомасында бюджеттік несиені бөлсін.

2. Батыс Қазақстан облысының әкімі бюджеттік несиенің мақсатты пайдаланылуын және уақытында қайтарылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі көрсетілген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын және бюджеттік несиенің уақытында қайтарылуын б а қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Батыс Қазақстан облысының әкімі несиелік келісім жасассын. Келісімнің бір шарты болып Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің осы қаулының 2-тармағына сәйкес бюджеттік несиені қайтармаған немесе толық қайтармаған жағдайда Батыс Қазақстан облысы әкімінің келісімінсіз ақшаны жергілікті бюджеттің кез келген шотынан есептен ш ы ғ а р а т ы н д ы ғ ы к ө з д е л с і н .

5. "Батыс Қазақстан облысындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды

тұрақтандыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі N 1460

Р 9 9 1 4 6 0 _

қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтағы "600 000 000 (алты жүз миллион)" деген сөздер "399 000 000 (үш жүз тоқсан тоғыз миллион)" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК